



Автор: Серикова Марзия Амантаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.5.1.3. Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығару(мысалы,бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа)
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығара білу дағдысын жетілдіре алады. Оқушылардың басым бөлігі: Мәтін есептер шығару дағдысын қалыптастырып, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептерін шығара алады Кейбір оқушылар: Топпен жұмыс істеуге үйренеді
Тілдік мақсаттар:	Мәтін есептер, әріпті өрнектер , теңдеулер ,жұмыс есептері, шешім , математикалық модель.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар мәтін есептер ұғымын біледі, түснеді және есеп шығаруда пайдаланады. Мәтін есептер шығару дағдысын қалыптастырып, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептерін шығара алады.
Бағалау критерийлері:	1. Мәтін есептер шартын түсініп, қысқаша шартын жаза алады (мысалы, бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер); 2. Сұраққа байланысты қажетті белгілеулерді қолдана алады; 3. Есеп шарты бойынша теңдеу немесе өрнек құрай алады ; 4. Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдана алады; 5. Дұрыс жауабын бере алады.
Құндылықтарды дарыту:	Жұппен жұмыс істей білуге, ұжымдылыққа, шыдамдылыққа, жауапкершілікке, әділдікке тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Презентация
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет
Бастапқы білім:	Мәтін есептер , теңдеулер, өрнек құру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі 1. Амандасу. Психологиялық ахуал. 2. Оқушыларға есеп түрін айту. Хауыздағы су бір құбырдан 7 сағатта толады, ал екінші құбырдан хауыз 8 сағатта босайды. Екі құбыр ашық болса, бассейін неше сағатта толады? « Не білуіміз керек?» , «Неге үйренуіміз керек?» беру арқылы тақырыптың мақсатын ашуға көмектеседі. Үй жұмысын тексеру. №581 бет 9 (бір-бірін бағалау) Сабақтың кезеңдерімен, мақсатымен , бағалау критерийлерімен таныстыру. Мүғалім бағалау парағын үлестіріп.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 мин)	Есеп шығару Сабақ барысында әрбір кезеңге атау беріп, соңында алғашқы асыл қасиет жазылған сөзді аламыз. Ең бірінші кезеңіміз «ТАЛАП» деп аталады, бұл кезеңде сендерге бұрыннан таныс жай бөлшектерді қосу және азайту,аралас сан,санның бөлігін табу. ТАЛАП 1. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай қосылады? 2. Бөлімдері әр түрлі бөлшектер қалай қосылады? 3. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай азайтылады? 4. Бөлімдері әр түрлі бөлшектер қалай азайтылады? 5. Аралас сан бұрыс бөлшек түрінде қалай жазылады? Дескриптор (Балл) 1 Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай қосылатынын анықтайды (1 балл) 2 Бөлімдері әр түрлі бөлшектер қалай қосылатынын анықтайды (1 балл) 3 Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай азайтылатынын анықтайды (1 балл) 4 Бөлімдері әр түрлі бөлшектер қалай азайтылатынын анықтайды (1 балл) 5 Аралас сан бұрыс бөлшек түрінде қалай жазылатынын біледі (1 балл) Осы сөзге байланысты оқушылардан мақал сұрау мыс: «Талаптыға нұр жауар» Келесі кезең «ЕҢБЕК» де аталады, “Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» деп Н.Ә. Назарбаев атамыз айтпақшы бұл бөлімде еңбектену арқылы есептерді шығарып сабақты игереміз. ЕҢБЕК Есеп шығару. Әр топқа тапсырма беріледі «Білімленд» 1.Егістік алқабындағы бірінші комбайн машинаға бидайды 20 минутта, ал екінші комбайн 30 минутта толтырды. Екі комбайн бірлесіп жұмыс жасаса, машинаны қанша минутта бидаймен толтыратынын тап. 2.Сәуле мен Арай әшекей жасаумен айналысады. Олар бір тапсырыс әшекейлерін 8 сағатта жасайды. Егер тапсырысты Сәуле жалғыз орындаса, 12 сағатта жасайды. Арай тапсырысты жалғыз өзі неше сағатта жасайтынын тап. 3. Анасы және екі қызы бірігіп картопты 12 минутта жинады. Егер картопты анасы ғана жинаса, 30 минутта, ал әпкесі ғана жинаса, 24 минутта жинайды. Осы картопты сіңлісі ғана жинаса, қанша уақыт кететінін тап. Дескриптор (Балл) 1 Мәтін есептер шартын түсініп, қысқаша шартын жаза алады (1 балл) 2 Мәтін есептер табуға арналған есепті шығарады (1 балл) 3 Бөлігі бойынша санды табады (1 балл) Білесің бе? (Мақал мәтел) Оқушылардан «Еңбек» сөзіне байланысты мақал сұрау. Мыс: «Еңбек - түбі береке» . Бұл кезең «ТЕРЕҢ ОЙ». Бұл кезеңде терең ойлану арқылы есептер шығару дағдыларынды қалыптастырамыз. Оқулықпен жұмыс: №830, 883, 885 есептерді орындайды. Дескриптор Балл 1 Жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып, мәтін есептерді шығарады. (1 балл) 2 Бірлесіп барлық жұмысты қанша уақытта орындағанын табады (1 балл) 3 Бөлігі бойынша санды табу ережесін қолданады;(1 балл) Сергіту сәті Келесі кезеңіміз «ҚАНАҒАТ» деп аталады. Бұл кезеңде жұптық тапсырма тестпен жұмыстанады. Тестпен жұмыс: Өзін өзі тексеру. 1 2 3 4 5 6 7 Г Б Г А В А В Қ А Н А Ғ А Т Дескриптор (Балл) 1 Дұрыс бөлшекті таба алады (1 балл) 2 Бұрыс бөлшекті табады (1 балл) 3 Бөлшекті қоса алады (1 балл) 4 Бөлшекті азайтады (1 балл) 5 Бөліндісін бөлшек түрінде жаза алады (1 балл) 6 Бөлшектің бөлігін түрінде жаза алады (1 балл)	5e310e50b48ba.jpg Image not found or type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Сабақты қортындылау Келесі кезең «РАҚЫМ» деп алдым. Бұл кезеңде алған білімдерімізді кері байланыс жасаймыз. Үй жұмысы :Келесі кезең «Ойлап қой» деп алдым. Бұл кезеңде үй тапсырмасы. Үйде есептерді ойланып дұрыстап шығаруға тырысыңыздар. Сау болыңыздар балалар. №586.Бірінші жұмысшы жұмысты 10 күнде бітіреді, ал екінші жұмысшы сол жұмысты 15 күнде бітіре алады. Екеуі бірлесіп, осы жұмысты неше күнде бітіре. Жауабы: 6	
Рефлексия	Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ саалынған суреттер арқылы бағалау.	